

## 2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды геоботаниқалық зерттеп-қарau негізінде жайылым айналымдарының схемасын бекету туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Мендіқара ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 3 мамырдағы № 62 қаулысы. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына "Жайылымдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Мендіқара ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды геоботаниқалық зерттеп-қарau негізінде жайылым айналымдарының схемасы осы қаулының қосымшасы сәйкес бекітілсін.

2. "Мендіқара аудыны әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостнай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау енгізу үшін жіберілуің;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Мендіқара ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамсыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Мендіқара ауданы әкімінің жетекшілік ететің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

F. Бекбаев

Мендіқара


ауданы әкімдігінің

2022 жылғы 3 мамырдағы

№ 62 қаулысына

қосымша

2022 - 2023 жылдарға арналған жайылымдарды геоботаниқалық зерттеп-қарau негізінде жайылым айналымдарының схемасы



Жылдар	1-қаша	2-қаша	3-қаша	4-қаша
2022	көктемгі – жазғы мезгіл 1	жазғы мезгіл 2	кузгі мезгіл 3	демалатын қаша
2023	демалатын қаша	көктемгі – жазғы мезгіл 1	жазғы мезгіл 2	кузгі мезгіл 3

Ескертпе: 1, 2, 3, 4 - жылына қашаны пайдалану кезегі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК